

ҚО ББ «Шахтинск
қаласының білім
бөлімі» ММ
басшысы
Н.Б.Онсовичке

ҚО ББ Шахтинск қаласының ББ «№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында жоспарланған іс-шаралар орындалды.

Оқу жылының басында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспар бойынша әртүрлі іс-шаралар мектеп оқушыларымен және ұстаздарымен атқарылды. Мектепте құқық бұзушылықты болдырмау, қылмыстың алдын алу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» бағдарламаны жүзеге асыру барысында «Жемқорлық – індет, жою – міндет» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында сауалнама алынып, әңгіме жүргізілді.

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын орындау шеңберінде мектептің түрлі қажеттіліктері үшін заңсыз ақшалай қаражаттар жинау туралы ата-аналармен оқушылармен мектеп әкімшілігі әңгіме-кеңес өткізілді. «Адал ұрпақ» клубы мектепішілік бұйрықпен құрылып, топ мүшелері тағайындалды. Мектеп кітапханасында «Парасат бұрышы» ұйымдастырылды. Сонымен қатар тақырыпқа байланысты мектеп дәлізінде оқушыларға бейне ролик көрсетілді.

Мектептің креберіс дәлізінде сенім жәшігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет телефон номері ілінген. 1-11 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық деген не?», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» акция аясында іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Акция барысында ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын орындау шеңберінде мектептің түрлі қажеттіліктері үшін заңсыз ақшалай қаражаттар жинау туралы ата-аналармен оқушылармен мектеп әкімшілігі әңгіме-кеңес өткізілді. Ата-аналардан, оқушылардан және мұғалімдерден заңсыз ақшалай қаражаттар жинамау туралы жиналыстар ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес істері бойынша «Адал ұрпақ» клубының мектепішілік жұмыс жоспары жасалынды.

«Адал Ұрпақ» оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында клуб мүшелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты азамат»

бұрышы жасалып, онда құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін «Жемқорлық індет – жою міндет» тақырыбында 7-9 сыныптар арасында қараша айында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Адал ұрпақ- болашақ негізі» атты тақырыбында жиыналыс 5-11 сынып оқушылар арасында өтті. «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының топ басшысы және құрамына 10 оқушы сайланды.

Дебат «Жастардың бойында патриотизмді арнайы тәрбиелеу қажет пе?» 5-9 сынып арасында өтті.

Директордың М.а



Э.Рамазанова

✉: А.Рахметжан
☎: 8(72156)30610
✉: sh_osh_12@mail.ru